

Бекітемін
ЖШС «Дамира Набирабғашасының
меңгерушісі М. Исабекова М.



«Кел, танысайық!» тренингі

Дайындаған: Исабекова М

«Дамира-Н» бөбекжай балабақшасы

02.09.2024ж

«Кел, танысайық!» тренингі

Мақсаты:

Қатысушылардың бір-бірімен жақын танысуына, еркін қарым-қатынас орнатуына және жағымды атмосфера қалыптастыруға ықпал ету.

Барысы:

1. Шаттық шеңбері

Қатысушылар шеңберге тұрады.

Жүргізуші: — Қайырлы күн! Бүгін біз бір-бірімізбен жақынырақ танысып, көтеріңкі көңіл күй сыйлаймыз. Ендеше, тренингімізді бастайық!

2. «Есімімнің мағынасы»

Әр қатысушы:

өз атын айтады;

атының мағынасын немесе өзін сипаттайтын бір жақсы қасиетін қосады.

Мысалы: — Менің атым Мереке. Мен мейірімдімін.

3. «Мен туралы 3 факт»

Әр адам өзі туралы:

2 шын,

1 жалған ақпарат айтады.

Қалғандары қайсысы жалған екенін табады.

4. Сергіту сәті — «Ортақ қасиет»

Жүргізуші: — Кім шай ішкенді жақсы көреді? — Кімнің сүйікті түсі көк? — Кім спортты ұнатады?

Ортақ қасиеті барлар орын ауыстырады.

5. «Жылы лебіз»

Қатысушылар бір-біріне жақсы тілек немесе жылы сөз айтады.

Мысалы: — Саған сәттілік тілеймін! — Әрдайым күліп жүр!

Қорытынды:

— Бүгінгі тренингтен қандай әсер алдыңыздар? — Бір-біріміз туралы не білдік?

Ұраны:

«Таныстық — достықтың бастауы!»